

Хаттама №3

2019 жылдың 24 тамыз күні Көсембай негізгі мектебінде қамқоршылық кеңесінің отырысы болды.

Қатысуға тиіс: 10

Қатысқаны: 10

Күн тәртібі:

- 1.«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.
2. Білім алу мекемесінің жаңа оқу жылына дайындығы.
- 3.Физика сабағында үштілді білім беру туралы

Тыңдалды: Әлеуметтік ұстаз: М.Сисенов. 2018-2019 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын алу,6-17 жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету,жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу,аз қамтамасыз етілген отбасы балалары мен көп балалы отбасылардан және жетім ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында білім беру мекемелерінде 1 тамыз 30 қыркүйек аралығында өткізіледі.Мұхтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықты ұйымдастырылады.Әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын , тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы мектепте ата-ана қамқорынсыз қалған оқушылар жоқ. Дегенменде мектепте көп балалы отбасылар бар. Бірнеше балаларын сабаққа бірден киіндіру кейбір отбасылардың қалтасын қағады. Әзірге мектебіміздегі ұстаздар тарапынан көп балалы отбасыларға аздап болсада қол ұшын беріп жатыр. Сол себепті әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға көмек қолымызды созып демеуші болайық .

Сөйлеуші: Кеңес мүшесі: Н.Батырғалиев. Әрине қолдан келсе қайырымдылық жасау дұрыс деп санамын. Әрине біздің ауылымызда көптеп демеушілік білдіретін үлкен кәсіпкерлер жоқ десекте болады. Өзімде жеке кәсіпкер ретінде қайырымдылыққа өз үлесімді қосамын және кәсіпкерлерді көмек қолын созуға шақырамын.

Тыңдалды: Мектеп директоры: Ы.Қосдәулетов. Биылғы оқу жылына мектебіміз жүз пайыз десекте болады. Мектепке оқу жылының аяқталысымен ақ жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Спорт залдың еденіндегі сынған жерлер дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің материалдарды өздері жинақтауымен жасақталды. Барлық сыныптар сырланып, әктеліп жаңа оқу жылына дайын.

Тыңдалды: Оқу ісі жөніндегі орныбасары: Д.Елғондина. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі №440 бұйрығы негізінде 2018-2019 оқу жылында «Биология», «Химия», «Физика» пәндерін ағылшын тілдерінде оқыту элементтерін оқытудың мұғалімдері үштілділік курсынан өткен мұғалімдерді вариативті және инвариативті компонент бөлігінен жүзеге асыру туралы бұйрығын басшылыққа ала отырып, осы бұйрықпен сіздерді таныстырып отырмын. Біздің мектебімізде арнайы үштілділікке ағылшын тілі курсынан өткен физика пәні мұғалімі Ақмарала Сафина болуына байланысты осы 8- сынып оқушыларына физика пәні үштілді оқыту ұсынылды.


Сөйлеуші: Кеңес мүшесі, ата-ана Ж.Айымова. Менің 8-сыныпта қызым оқиды. Әрине балаға үштілді білу қазіргі таңда өтте қажетті деп санаймын. Себебі үштілділік қазіргі таңда заман талабы десем артық емес. Сондықтан еш қарсылығым жоқ.


Шешім:


-«Мектепке жол акциясы» әліде жалғасын тауып кәсіпкерлерді демеушілікке тартуға қамқоршылық кеңесінің мүшелері бір ауыздан жұмылдырылсын.


-Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы жақсы деңгейде деп танылсын.


-2018-2019 оқу жылында басталған «Үш тілділік» жаңа 2019-2020 жылы оқытуды 8-сынып оқушыларына жалғастырсын.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Т.Сисенов


Мүшелері:  Қ.Имағамбетов


 Н.Батырғалиев


 Ж.Айымова

 Қ.Имағамбетова

 Т.Оразова

 Ә.Бисенова

 С.Даулетов

 Б.Бисенов

Хатшы:  Р.Шутенова